

Салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 674 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қаңтарда № 4487 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 529 - бабының 6 - тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 - бабына сәйкес, Жуалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. "Жуалы ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Осы қаулының әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) Осы қаулының Жуалы ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруын;

4) Осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Уркумбаев Әбдикерим Култаевичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2020 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

аудан әкімі

Н. Ергебеков

“Келісілді”

Жуалы ауданы бойынша

мемлекеттік кірістер

басқармасының басшысы

_____ Д.Жигитеков

" " _____ 2019 ж.

Жуалы ауданы әкімдігінің
2019 жылғы " " _____
№ _____ қаулысына қосымша

Салық салу объектісінің Жуалы ауданының елді мекенінде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 30.11.2020 № 599 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады) қаулысымен.

№	Ауылдық округтің атауы	Елді мекендердің атауы	Коэффициент
1	Б. Момышұлы	Б. Момышұлы	2,65
2	Ақтөбе	Бәйтерек	1,6
		Жаңаталап	1,6
		Күркіресу стансасы	1,2
		Ақтоған	1,1
3	Ақсай	Дихан	1,7
		Қайрат	1,85
4	Билікөл	Әбдікадір	1,35
		Дарбаза	1,7
		Қарабастау	1,45
		Жылыбұлақ	1,85
5	Боралдай	Ертай	1,5
		Көлтоған	1,5
		Рысбек батыр	1,35
6	Жетітөбе	Кәріқорған	1,6
		Қоңыртөбе	1,5
		Қосмұрат	1,85
		Майбұлақ	1,75
		Тасбастау	1,6
		Шыңбұлақ	2,2
7	Көкбастау	Бақалы	2,3
		Көктөбе	1,85
		Қосбөлтек	1,75
		Теріс	2,3
8	Күреңбел	Күреңбел	1,7
		Қаратас	1,3
9	Қарасаз	Ақбастау	2,35
		Жүрімбай	2,05
		Қарасу	1,35
		Қарасаз	2,35
		Көктас	1,55
10	Қошқарата	Қызтоған	1,0
		Қошқарата	1,45
		Ақтасты	1,25

11	Қызыларық	Ақтөбе	1,7
		Алатау	1,6
		Қызыларық	2,2
		Сұрым стансасы	1,95
		Теріс ащы бұлақ	2,1
12	Мыңбұлақ	Көлбастау	2,4
		Талапты	2,3
13	Нұрлыкент	Қазбастау разъезді	1,25
		Нұрлыкент	2,4
		Түктібай	1,75
14	Шақпақ	Амансай	1,5
		Тәттібай Дүйсенбайұлы	1,75
		Шақпақ ата	1,8
		Шақпақ стансасы	1,7
		Ынтымақ	2,15
		Бирлік	1,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК